

**E. M. Рахымжан, 2-курс**

**Фылыми жетекшісі: А. Т. Төлеубеков, экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі  
(Қазтұтынудағы Қарағанды экономикалық университеті)**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАРЛАМЕНТАРИЗМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ**

«Парламентаризм» түсінігін негізінен үш жақты қарастыруға болады. Біріншіден, өкілетті мен заң шығарушы билікті іске асыратын саяси-құқықтық институт ретінде. Екіншіден, ерекше жағдайлардағы парламенттік биліктің кеңеюі әсерінен, парламенттік республиканың құрылымына тән, парламенттік үкіметтің құрылуы. Үшіншіден, парламенттік институт пен оның қоғамдық қызметтің керектігін дәлелдейтін теориялық тұжырымдама ретінде<sup>1</sup>.

Шындығына келгенде, парламент халық арасынан, халық еркін білдіру үшін таңдалған ел азаматтарынан тұрады. Онымен кезінде кеменгер француз ойшылы Ж. Ж. Руссо келіспеген болатын. Өз сезінде ол, «Егемендік, шын мәнісінде, ортақ еркіті білдіреді, ал ерік ешқашанда өкілетті бола алмайды; я болмаса бұл ерік, не болмаса бұл басқа біреудің еркі, ал олардың арасындағы ортағы болуы мүмкін емес»<sup>2</sup>. Ойшыл екеш ойшыл бәрі бірдей емес. Дей тұрганмен өкілетті билік институты казірде өз нәтижесін көрсетіп отыр. Сондықтан, мен Ж. Ж. Руссоның ойымен келісе алмаймын. Осыған қарсы Ш. Монтескье ойын тындасадақ: «Өкілетті тұлғаларды таңдаудың ең жақсы жағы: өкілетті тұлғалар мәселелерді талқылауга жарамды, әрі лайық. Ал халық бұл үшін мүлдем жарамсыз. Бұл демократияның әлсіз жактарының бірі болып табылады»<sup>3</sup>. Осылайша, Ш. Монтескьең идеясымен келісе отыра, жалпы парламентаризм институтының Қазақстан Республикасында қалыптасу кезендері мәселесі жөнінде қарастырғымыз келеді.

Негізінен ҚР-дағы парламентаризмнің қалыптасу тарихын әр ғалым әр-түрліше қарастырады. Бұл мәселе дау-дамай мен сан алуан пікір астында қалып отыр. Ғалымдардың көзқарастарын шартты үш тұжырымдамалық түрде негізделген тараптарға бөлуге болады. Бірінші тарап, С. С. Сартаев, А. К. Котов, А. С. Ибраев сияқты Қазақстанның парламентаризмі мемлекеттің даму үрдісінің алғашқы сатысында-ак пайда болған деп санайтындардан құралған. А. К. Котов Қазақстандағы парламентаризм элементтері қазан төңкерісі алдында және нақ қарсанында болды деп санаса<sup>4</sup>, С. С. Сартаев пен А. С. Ибраев ғасырлар койнауындағы Қазақ хандығы кезінде парламентаризм элементтерін байқаған. Екінші сатысын ХХ ғасырдың басында қазақ зиялышарының кезінде деп қарастырады. Ал парламентаризм орнығының үшінші сатысын кеңестік аралыққа жатқызыса, төртінші сатыны посткоалисттік, яғни тәуелсіз Қазақстан Республикасына тиесілі деп санайды<sup>5</sup>. Осы ретте жоғарыда аталған ғалымдардың тұжырымдамалары бойынша Қазақстандағы парламентаризм даму үрдісі былайша қалыптасқан: дала демократиясы, қазан төңкерісі қарсанындағы кезең, кеңестік және посткоалисттік кезендер.

Басқаша бағыттан қарайтын екінші тарап, Е. К. Кубеев, А. Т. Ащеулов, К. К. Айтхожин ғалымдардан құралған. Өз еңбектерінде Е.К.Кубеев ҚР-да парламентаризм дамуының еki сатысын айқындаиды: кеңестік және тәуелсіздік жарияланған тұстағы посткоалисттік кезең<sup>6</sup>. А. Т. Ащеулов конституциялық эволюция шынжырын үзуге болмайтынын және ол сонау Алаш партиясының бағдарламасынан бастау алғанын айтады<sup>7</sup>. Бұл пікірмен К. К. Айтхожин, А. А. Караев та келіседі. Осылайша екінші тарап Қазақстандағы парламентаризм дамуын үш сатыға бөледі: кеңестер алдындағы, кеңестік және посткоалисттік кезендер деп.

Ерекше назарды үшінші тарап та қажет етеді. Ол өкілеттік биліктің нышандары ҚР егемендігімен бірге пайда болды деп санайтын Г. Сапаргалиев, В. А. Малиновский, Е. К. Ертысбаев сияқты танымал тұлғалардың пікірлерімен дараланған. Г. Сапаргалиев, кеңестік дәуірді саралай отыра, елде билік бөлінісі болмағандықтан, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің парламенті болмағандығын айтады. ҚР тәуелсіздігі жарияланып, билік бөлінісі қағидасты ұстанғаннан кейін ғана парламентаризм нышандары пайда бола бастағандығын көрсетеді<sup>8</sup>. В. А. Малиновский ҚР Президентінің саяси-құқықтық мәртебесін зерделей отырып, өкілетті биліктің даму кезендерін былайша айғақтайды: кеңестік-парламенттік республика, кеңестік-

президенттік республика Жоғарғы Кеңесі күшетілген жартылай президенттік және президенттілік пен парламентаризмнің эволюциялық үрдісінің айқындалуымен келген бесінші республика<sup>9</sup>.

Жоғарыда айтылған конституционалист ғалымдардың пікірлері осы тақырыптың езектілігінің, әрі толғандыратындығының айғагы болыш табылады. Әлбетте, тарихи тәжірибе көрсетіп тұрғандай, парламентаризм орнығы қандай да мемлекетте болмасын, судай сіңіп, тастай бататын үрдіс бола қойған жоқ. Ол әрдайым дамуды қажет ететін үрдіс. Сондыктан да, парламентаризм үрдісін жіті қадағалап, әрдайым қарастырып, сарапап отыру нүр үстіне нүр болар еді деп санаймыз.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған мәселелерді қорыттындылай келе, еліміздегі парламенттің негізгі құраушысы депутат мәселесіне көніл бөлгіміз келеді. Жалпы, парламент депутаты — халық ішінен, халық еркін білдіру үшін таңдалған азамат. Осыны әрдайым қайталай бергіміз келеді. Кейде біздің депутаттарымыз оны ұмыттып қалатын сияқты. Өзінің мәртебесі, құқықтық жағдайы туралы көп ойланып қалады. Тікелей идеялық мақсатын ұмыттып кетеді. Әрине онсыз болмайды саясатта. Сонда да қаралайым халықтың жағдайын ойлану әрбір таңдалған өкілетті азаматтың ізгі борышы. Жасалған нәрсе аз емес, бірақ алда саналуан мақстартар тұр. Әркім өз міндеттін тиянақты атқарса, еліміз одан сайын дамып, гүлденіп кететініне сенімдіміз. Сондай-ак, келесі парламент шақырылымының депутаттары олардың алдына қойылатын міндеттерді іске асырады деген үмітпен, өз сезімді аяқтағым келеді.

<sup>1</sup> Гранкин И. В., Парламент России. — М., 2001. 19-бет.

<sup>2</sup> Руссо Ж. Ж., Трактаты, — М., 1969. 222-б.

<sup>3</sup> Монтескье Ш. Л. Избранные произведения, М., 1995, 293-б.

<sup>4</sup> Котов А. К. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти, — Алматы, 2000. 92-б.

<sup>5</sup> С. С. Сартаев, А. С. Ибраев. Қазакстандағы парламентаризмнің дамуы, тарихы, теориясы және практикасы / Қазакстандағы парламентаризм: тарихы, қазіргісі, даму келешегі: Қазақстан Республикасының ғалым кайраткері, ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор С. С. Сартаевтың 80-жылдығына арналған халықаралық ғыл.-тәж. конф. мат., Алматы, 2007. 10-б.

<sup>6</sup> Е. К. Кубеев, Основы конституционного строя Республики Казахстан: Автореф., дис... док-ра. юрид. наук., М., 1998. 15-б.

<sup>7</sup> Конституционное право Республики Казахстан: Учебн. / Сост. д.ю.н., профессор А. Т. Ащеулов. — Алматы, 2001. 94-б.

<sup>8</sup> Г. Сапаргалиев, Қазакстан Республикасының конституциялық құқығы. — Алматы, баспасы, 2002., 84-б.

<sup>9</sup> Малиновский В., Глава государства суверенного Казахстана. — Алматы, 1998. 14-б.